

№13 «Тұлпар» балабақшасы
педагогикалық кеңес отырысының
№1 хаттамасы
29.08.2022 ж.

Қатысқандар: 8 адам

- | | |
|----------------------|-----------------------|
| 1. Керимбекова Г.Б.. | - демалыс |
| 2. Каюмова К.Р | - әдіскер |
| 3. Кашина Т.В. | - тәрбиеші |
| 4. Колесниченко М.В. | - тәрбиеші – демалыс |
| 5. Рахметова Г.Т. | - тәрбиеші |
| 6. Достанова З.О. | - тәрбиеші |
| 7. Русакова А.А. | - музыка жетекшісі |
| 8. Кобеева А.Г. | - қазақ тілі мұғалімі |
| 9. Турчук С.В. | - тәрбиеші |
| 10. Жагапарова Ж.Ш. | - психолог |

Педагогикалық кеңеске дайындық

1. Бағдарламаны меңгеру – топтардың өз жас ерекшеліктері бойынша (жауапты тәрбиешілер)
2. Топтарда құжаттарды дайындау және рәсімдеу (жауапты тәрбиешілер)
3. Әдістемелік әдебиеттер мен әдістемелік ұсыныстарды іріктеу (әдіскер)
4. Ойыншық жабдықтармен топтарды жаңарту (меңгеруші, тәрбиешілер)
5. Топтардағы балалар бойының көрсеткіштері бойынша жиһаздарды таңбалау. МДҰ антропометрия жүргізу (жауапты тәрбиешілер, медбике).
6. Балалармен жазғы-сауықтыру жұмыстар туралы есептер дайындау (тәрбиешілер, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы)

Күн тәртібі:

№ 1 педагогикалық кеңес. Бекітуші

Педагогикалық кеңеске іс-шаралар

1. Педагогикалық қызметкерлердің тамыз жиналысының ұсыныстары
2. Жазғы кезеңде балалармен дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстарын жүргізу қорытындысы
3. Жаңа оқу жылына балабақшаның дайындығы. Жаңа 2022-2023 оқу жылына қойылған балабақшаның міндеттері.
4. Жылдық жұмыс жоспарының жобасын, жаңа оқу жылына оқу жоспарын талқылау мен бекіту (жауапты Каюмова К.Р.)
5. 2022-2023 жылы өзіндік білім алу бойынша педагогтардың тақырыптары мен жоспарларын бекіту.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. ТЫҢДАЛДЫ: Каюмова К.Р. әдіскер. Тамыздық конференция 2022 жылғы 18-25 тамызда on-line/офлайн режимде өткізілді. МДҰ меңгерушілеріне арналған тақырыптық алаң «Қазіргі және болашақтағы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту». МДҰ әдіскерлері үшін: «Мектепке дейінгі тәрбие мен

оқыту: тәжірибе, жаңа әдістеме, ұсыныстар».

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы.

- мектепке дейінгі ұйымдарды мен мектепалды даярлық сыныптарында 2022-2023 оқу жылына тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат.

2. ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер Каюмова К.Р. Жазғы – сауықтыру жұмысы бекітілген жоспар бойынша ұйымдастырылған және тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғауды, денсаулықты жинақтайтын режимін ұйымдастыруын, жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің танымдық қызығушылықтарын дамытуын қамтамасыз етуге бағытталды.

Жазғы кезеңде тәрбиеленушілердің таза ауада өткізетін уақытын арттыруға, таза ауадағы ойындар, спорттық ойын-сауық, бос уақытты және ойын-сауық арқылы балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға баса назар аударылды.

Жазғы кезеңде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Музыка жетекшісімен бірге тәрбиешілер ойын-сауықтар өткізілді.

Жазда сауықтыру және шынықтыру іс-шаралар өткізу үшін мүмкіндіктер артады. Жазғы кезең басталмас бұрын әдіскер, медбике, тәрбиешілер барлық шынықтыру және сауықтыру шараларын жоспарлады. Балалардың қозғалыс белсенділігі қатаң бақылауда болды. Қозғалыс ойындардың уақыты, ұзақтығы, жүктемесі бақыланды (жоғары қозғалыс белсенді ойындарды серуеннің басында, күн ыстық болмаған кезде өткізілді).

Жаз – балалардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге тамаша уақыт. Балалармен жұмыстың барлық түрлері таза ауада өткізіліп, ойын түрінде өткізілді. Жазғы сауықтыру жұмыстарының нәтижесінде «Жаз бояумен сурет салады» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Кашина Т.В. кәсіподақ төрағасы, жүргізілген жұмысы қанағаттандырарлық деп санауды ұсынды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: әдіскер Каюмова К.Р. 2022-2023 оқу жылына тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудағы өзгерістер туралы, МДҰ жылдық жұмыс жоспары туралы, МДҰ жұмыс режимі, 2022-2023 оқу жылындағы негізгі міндеттер мен басымдылық бағыттары туралы айтып берді, МДҰ жұмыс режимімен таныстырды. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі (бұдан әрі – Үлгі) бекітілді. Осы Модельдің негізгі міндеттерінің бірі – педагогикалық процесті ғылыми жетілдіру, оқу жоспарлары мен бағдарламаларының икемділігін, оның ішінде инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын өзгерту үшін жағдай жасау болып табылады. Жаңа оқу жылы өте қызықты, МДҰ жұмыс жоспарында қарастырылған және ұжым үшін қазіргі уақытта ең өзекті және маңызды мәселелерді шешуге бағытталған әртүрлі іс-шаралармен тығыз байланысты болады.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: кәсіподақ комитетінің төрағасы Кашина Т.В. жаңа оқу жылына жылдық жоспар мен оны іске асыру жолдарын бекітуді ұсынды.

4.ТЫНДАЛДЫ: Бекітілді: пән мамандарына арналған сабақ кестесі, аттестаттау кестесі, өзіндік білім алу жоспарлары, ата-аналармен жұмыс жоспары (меңгеруші).

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыс қорытындысы қанағаттандырылғы деп танылсын.

2. 2022-2023 оқу жылына тәрбиелеу-білім беру жұмысының жылдық жоспары бекітілсін.

3. Жаңа оқу жылына мектепке дейінгі мекеме топтарының дайындығы қанағаттандырылғы деп танылсын. Дамытушы орта жасына, эстетикалық нормаларына, СанПиН талаптарына сәйкес іріктелген.

4. МДҰ әдістемелік қызмет бойынша жұмыс жалғастырылсын.

5. 2022-2023 оқу жылына Әдістемелік нұсқау хат талаптарына сәйкес перспективалық жоспарлар бекітілсін.

Шешім бір ауыздан қабылданды.

Меңгерушінің м.а.

Хатшы:



Каюмова К.Р.

Кобеева А.Г.